

«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ



**ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ (PhD), БЕЙІНІ БОЙЫНША ДОКТОР ҒЫЛЫМИ
ДӘРЕЖЕСІН АЛУҒА ДИССЕРТАЦИЯНЫ РӘСІМДЕУ
ЕРЕЖЕСІ**

№048

Атырау, 2024 ж.

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасактаған	Ғылым департаменті директоры	А.М.Бакирбекова		24.12.2024
	ЖОО кейінгі білім беру бөлімінің басшысы	Э.М.Адиетова		23.12.24.
Келісілді	Ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор	К.М.Утепкалиева		25.12.2024
	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	А.Е.Чукуров		24.12.24. ✓
	Вице-проректор (цифрлық офицер)	Ж.О.Сулейменова		24.12.2024
	Білім бағдарламасының академиялық сапасын арттыру және дамуын қамтамасыз ету офисінің жетекшісі	Е.Т.Нұрпейісов		25.12.2024
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшыгулова		24.12.2024
	Заңгер	К.С.Куанов		25.12.2024

1 Қолдану аясы

- 1.1 Осы Ереже «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ-да (бұдан әрі – Университет) философия докторы (PhD), бейіні бойынша докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялардың құрылымына, көлеміне және рәсімдеу қағидаларына қойылатын міндетті талаптары мен тәртібін анықтайды.
- 1.2 Ереже Университет докторанттарына, ғылыми кеңесшілерге, кафедра менгерушілеріне арналған.
- 1.3 Ереже Университеттің нормативтік құжаттамасының құрамына кіреді және оның талаптарын орындау міндетті болып табылады.

2 Қысқартулар

- 2.1 Осы Ережеде мынадай қысқартулар пайдаланылады:
ЖЖОКБҰ — Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
МЖБС — Мемлекеттік жалпы білім беру стандарты
ДЖЖЖ — Докторанттың жеке жұмыс жоспары
ЭПК — Элективті пәндер каталогы
ҒЗИ — Ғылыми-зерттеу институты
ДҒЗЖ — Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы
ЖКББ — Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі
ЖОЖ — Жұмыс оқу жоспары
ДӨЖ — Докторанттың өз бетімен жұмысы
ДӨӨЖ — Докторанттың өз бетімен оқытушының жетекшілігімен жұмысы
ПОӘК — Пәндердің оқу-әдістемелік кешені
ЖЖЖ — Жеке жұмыс жоспары
ҚР ҒБМ ҒЖБССҚК Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті
ҰМҒТСО – Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы
ЖАК – жоғары аттестациялық комитет
ЖИ – жасанды интеллект

3 Нормативтік сілтемелер

- 3.1 Ереже келесідей құжаттар мен ережелерге сәйкес әзірленген:
 - «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы;
 - «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №103-VIII Заңы;
 - Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы (БҒМ 31.03.2011 ж. № 127 бұйрығы);
 - Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы);
 - Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР ДСМ 20.07.2022 ж. № 2 бұйрығы);
 - Диссертация мен авторефератты рәсімдеу жөніндегі нұсқаулық (Қазақстан Республикасы БҒМ ЖАК-ының 2004 жылғы 28 қыркүйектегі № 377-3ж бұйрығы);
 - МЕМСТ 7.1-2003. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері;
 - «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы;
 - Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереже (ҚР БҒМ 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығы);

- Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Баскарма төрағасы-ректорымен 2024 жылдың 23-желтоқсанында бекітілген №227 ЖОО кейінгі білім туралы ереже (PhD докторантура);
- Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Баскарма төрағасы-ректорымен 2023 жылдың 27-желтоқсанында бекітілген Плагиатқа қарсы жүйе туралы Ереже.

4 Негізгі терминдер мен анықтамалар

- 4.1 **Академиялық күнтізбе** – оқу жылы ішінде оқу сабақтарының және бақылау іс-шараларының өткізілу кестесі, демалыс күндерін (каникулдарды) көрсетуімен.
- 4.2 **Академиялық демалыс** – денсаулық жағдайына байланысты, соның ішінде жүктілік пен босану бойынша білім алушының уақытша оқуын тоқтату кезеңі.
- 4.3 **Академиялық кезең** – жоғары оқу орны таңдаған теориялық оқыту кезеңі: семестр ұзақтығы 15 апта, үшінші семестр ұзақтығы 6–8 апта.
- 4.4 **Докторант** – докторантурада білім алушы тұлға.
- 4.5 **Докторантура** – ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіби қызметке кадрлар даярлауға бағытталған, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беретін оқу бағдарламалары.
- 4.6 **Докторлық диссертация** – докторанттың дербес ғылыми зерттеуі, онда жана ғылыми жетістік ретінде бағаланатын теориялық тұжырымдар әзірленген немесе ғылыми мәселені шешу ұсынылған, сондай-ақ ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер баяндалған, олардың енгізілуі ел экономикасының дамуына елеулі үлес қосатын жұмыс.
- 4.7 **Бейіні бойынша доктор** – докторантура бағдарламасын тиісті кәсіби қызмет саласы бойынша меңгеріп, диссертация қорғаған тұлғаға берілетін дәреже. Бұл дәреже Қазақстан Республикасында немесе оның шегінен тыс жерде берілуі мүмкін және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылады.
- 4.8 **Философия докторы (PhD)** – ғылыми-педагогикалық бағыттағы докторантура бағдарламасын меңгеріп, диссертация қорғаған тұлғаға берілетін дәреже. Бұл дәреже Қазақстан Республикасында немесе оның шегінен тыс жерде берілуі мүмкін және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылады.
- 4.9 **Есеп** – белгілі бір жұмыстың орындалғанын растайтын қорытынды мәтіндік, графикалық немесе басқа түрдегі құжат.
- 4.10 **Педагогикалық практика** – докторанттың практикалық дағдыларын және оқыту әдістемесін қалыптастыру мақсатында жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмысының түрі.
- 4.11 **Зерттеу практикасы** – докторанттардың отандық және шетелдік ғылымдағы жаңа теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктермен, ғылыми зерттеу әдістерімен, эксперименттік деректерді өңдеу және интерпретациялау тәсілдерімен танысуға бағытталған оқу жұмысы.
- 4.12 **Жазғы семестр** – академиялық қарыздарды және оқу бағдарламаларындағы айырмашылықтарды жоюға арналған қосымша семестр.
- 4.13 **Еуропалық кредиттерді аудару және жинақтау жүйесі (ECTS)** – оқу бағдарламаларының (пәндер, курстар, модульдер) компоненттеріне кредиттерді тағайындау тәсілі. Бұл жүйе білім траекториясын, оқу орнын немесе елін өзгерткенде алынған кредиттер мен бағаларды есепке алуға мүмкіндік береді.
- 4.14 **Плагиат** – негізгі мәтіннің сөзбе-сөз баяндалуы, сондай-ақ алынған мәтіннің мазмұнын өзгертпей сөздер мен өрнектерді ауыстыру арқылы бөтен мәтіннің парафраз-баяндалуы.

5 Жалпы ережелер

- 5.1 PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылатын диссертация ғылым саласына сәйкес келетін нақты мамандық/білім беру бағдарламасы

- бойынша докторанттың (ғылыми кеңесші болған жағдайда да) өз бетінше әзірлеген қолжазба түріндегі біліктілік ғылыми жұмыс болуы тиіс.
- 5.2 Докторлық диссертация докторанттың кәсіби даярлығының деңгейін, ғылыми білімді игеру әдістемесін меңгеру дәрежесін, сондай-ақ оның алған білімдері, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттерінің тиісті білім беру бағдарламасына сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігін айқындайтын ғылыми жұмыс болып табылады.
- 5.3 Докторлық диссертация білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын және ғылыми жетекшілік тәжірибесі бар ғылым докторлары, кандидаттары немесе PhD дәрежесіне ие мамандар қатарынан тағайындалатын кемінде екі ғылыми кеңесшінің басшылығымен орындалады. Әдетте олардың бірі шетелдік жоғары оқу орнының ғалымы болып табылады.
- 5.4 Докторанттардың ғылыми кеңесшілері бітіруші кафедралар тарапынан қабылданғаннан кейін екі ай мерзім ішінде айқындалады, кафедра отырысы мен факультет кеңесінде талқыланып, Ғылыми-техникалық кеңестің келісіміне ұсынылып, университеттің Ғылыми кеңесімен бекітіледі.
- 5.5 Диссертация өзі жазу, ішкі бірлік, ғылыми жаңашылдық, дәйектілік, практикалық құндылық пен академиялық адалдық принциптері сақтала отырып орындалады. Өзі жазу принципі диссертацияны докторанттың өзі жазуын және диссертация авторының ғылымға, техника мен технологиялардың дамуына қосқан жеке үлесін танытады. Вариативті деректерді статистикалық іріктеу үшін жасанды интеллектіні қолдануға рұқсат етіледі.
- 5.6 Ішкі бірлік принципі диссертация құрылымының тұтастығын қамтамасыз етеді, яғни оның барлық бөлімдері мен тұжырымдары логикалық тұрғыдан өзара байланыста болуы тиіс. Ғылыми қағидалар, алынған нәтижелер мен ұсынымдар диссертацияда қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келуі қажет. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) ғылыми тұрғыдан негізделіп, бұрыннан белгілі тәсілдермен салыстырылып бағаланады.
- 5.7 Ғылыми жаңашылдық принципі диссертациядағы барлық ғылыми нәтижелердің, тұжырымдардың, ұсынымдар мен қорытындылардың жаңалығын талап етеді. Осыған сәйкес диссертация жаңа ғылыми негізделген теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтиды. Бұл нәтижелердің жиынтығы жаңа ғылыми жетістік ретінде бағаланады немесе нақты ғылыми бағыттардың дамуына елеулі үлес қосады. Сонымен қатар, диссертация ғылыми тұрғыдан негізделген техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқарушылық шешімдерді ұсынады, олардың тәжірибеге енгізілуі ел экономикасының дамуына айтарлықтай ықпал етеді.
- 5.8 Ғылыми дәлдік принципі диссертациялық жұмыстың нәтижелерін қазіргі заманғы ғылыми зерттеу әдістерін, деректерді өңдеу мен интерпретациялау тәсілдерін және компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алуды көздейді. Табиғи, техникалық, медициналық және ауылшаруашылық мамандықтары бойынша орындалған диссертацияларда теориялық тұжырымдар, модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулер арқылы дәлелденеді және тәжірибелік деректермен расталады.
- 5.9 Практикалық құндылық принципі диссертацияның мазмұнында алынған ғылыми нәтижелердің қолданбалы немесе теориялық маңызын айқындайды. Қолданбалы сипаттағы диссертацияларда автордың ғылыми нәтижелерін тәжірибеде пайдалану жөніндегі деректер келтіріледі, олар авторлық куәліктермен, патенттермен және басқа да ресми құжаттармен расталады. Теориялық бағыттағы диссертацияларда ғылыми тұжырымдарды тәжірибеде қолдануға арналған ұсынымдар беріледі.
- 5.10 Академиялық адалдық принципі диссертация авторының басқа зерттеушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауды көздейді. Бұл принципке сәйкес

мәтіндер, идеялар, гипотезалар, қорытындылар, әдістер, зерттеу нәтижелері, кестелер, кодтар, суреттер және өзге авторлардың еңбектері дереккөзге нақты сілтеме жасалмай пайдаланылмайды. Сондай-ақ басқа тілден аударылған мәтінді немесе сөздерді синонимдік ауыстыру арқылы мазмұнын өзгертпей қолдану плагиат болып саналады. Жасанды интеллект технологияларын дереккөзін, өндірушісін, нұсқасын және қолдану уақытын көрсетпей пайдалану да адалдыққа қайшы келеді. Автордың өз материалдарын, нақты және сандық деректерін дереккөзге сілтеме жасамай қолдануы автоплагиат ретінде бағаланады. Жок дереккөздерге сілтеме жасау, жалған деректер мен нәтижелерді ұсыну фабрикация болып табылады. Ал зерттеу материалдарын, жабдықтарды, суреттерді, иллюстрацияларды немесе процестерді әдейі бұрмалау фальсификацияға жатады. Осылайша, диссертацияда аталған заң бұзушылықтардың болмауы ғылыми адалдықтың сақталуын білдіреді.

6 Жасанды интеллект құралдарын пайдалану талаптары

- 6.1 ЖИ қолдану туралы ашықтық. Егер диссертацияда мәтін, деректерді өңдеу немесе талдау үшін жасанды интеллект құралдары пайдаланылса, бұл факт міндетті түрде кіріспе бөлімде немесе әдістемеде көрсетіледі. Докторанттың жұмысы ЖИ көмегімен жасалғанын жасыруға жол берілмейді.
- 6.2 Дереккөзді көрсету міндеті. Жасанды интеллект арқылы алынған мәтіндер, идеялар, кодтар, суреттер немесе басқа материалдар пайдаланылған жағдайда олардың атауы, нұсқасы, өндірушісі (құқық иесі), қолданылған күні мен дереккөзі нақты көрсетіледі.
- 6.3 Авторлық құқық және деректердің қауіпсіздігі. ЖИ арқылы алынған нәтижелер тек докторанттың шығармашылық үлесімен толықтырылған жағдайда ғана ғылыми еңбек ретінде қабылданады. Қолданылған деректердің құпиялығы мен қауіпсіздігі сақталады.
- 6.4 Академиялық адалдық. Плагиатқа жол берілмейді. Авторлық емес мәтіндерді дереккөзсіз пайдалануға жол берілмейді. ЖИ құралдарын қолданған жағдайда олардың қолданылу сипаты мен көлемі ғылыми жетекшіге және университеттің ішкі ережелеріне сәйкес ашық көрсетілуі тиіс. ЖИ құралдары арқылы алынған мәтіндер мен деректер міндетті түрде дереккөздерге сілтеме жасай отырып қолданылады. Диссертация жұмысы арнайы антиплагиат және ЖИ-анықтау жүйелері арқылы тексеріледі.
- 6.5 Ғылыми негізділік. ЖИ арқылы ұсынылған тұжырымдар, деректер немесе нәтижелер ғылыми тұрғыдан тексеріліп, автор тарапынан дәлелденеді және дереккөздермен расталады.
- 6.6 Шектеулі қолдану. ЖИ құралдары диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелерін қалыптастыру үшін емес, көмекші сипаттағы талдау, мәтінді өңдеу, деректерді жүйелеу немесе визуализациялау мақсатында пайдаланылады.
- 6.7 Жауапкершілік. ЖИ қолдану талаптарын бұзу академиялық адалдық қағидаларын бұзу болып саналады және диссертацияны қорғауға жібермеуге негіз болады. Заңға сәйкес, ЖИ-ды заңсыз немесе жасырын қолданған жағдайда докторант пен ғылыми жетекші жауапкершілікке тартылады. Эмпирикалық зерттеу әдістерін жүргізу барысында 13 жасқа дейінгі балаларға қатысты деректерді жинау, өңдеу және талдау кезінде жасанды интеллект құралдарын қолдануға жол берілмейді. Қызметтік пайдалануға ғана арналған («ҚБП») және «құпия» белгісі бар жұмыстарды жазу, өңдеу және талдау кезінде жасанды интеллект технологияларын қолдануға тыйым салынады.

7 Диссертацияны жазу тәртібіне және мазмұнына қойылатын талаптар

- 7.1 Докторлық диссертацияны орындау ДҒЗЖ кезеңінде жүзеге асырылады. ДҒЗЖ-ның қорытындысы докторлық диссертация болып табылады. Диссертация докторанттың

ғылыми зерттеулері саласындағы мамандар болып табылатын және біліктілік талаптарына сәйкес келетін отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілер (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD)) жетекшілігімен орындалады. Ғылыми кеңесшілер докторлық диссертацияның орындалуын және академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын және диссертациялық жұмысты қорғауға уақытылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

- 7.2 Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымды дамыту бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға және білім беру бағдарламасына/мамандығына сәйкес келуі керек.
Диссертация тақырыбын таңдау кезінде мыналарды басшылыққа алу керек:
- тақырыптың өзектілігін және ғылымның, техника мен технологияның қазіргі жай-күйі мен даму перспективаларына сәйкестігін ескеру;
- әдебиетте оның даму және жарияланым дәрежесін ескеру;
- диссертациямен жұмыс барысында эксперименттік деректерді алу мүмкіндігіне негіздеу;
- материалдарында жұмыс орындалатын кәсіпорындар мен ұйымдардың мүдделері мен қажеттіліктерін басшылыққа алу.
- 7.3 Докторлық диссертациялардың тақырыбы мен ғылыми кеңесшілері оқуға қабылданған уақыттан бастап 2 (екі) ай ішінде білім бағдарламасына қарасты кафедрада тандалып, кафедра отырысында қаралып, факультеттің Ғылыми кеңесіне ұсыныс береді. Факультетте нақтыланған тақырып пен ғылыми кеңесшіге қатысты ұсыныс Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімімен Атырау университетінің Ғылыми-техникалық кеңесіне ұсынылады. Кейін Ғылыми кеңесте талқыланып, университеттің Басқарма төрағасы-ректоры бұйрығымен бекітіледі.
- 7.4 ДҒЗЖ нәтижелерін және (немесе) алынған ғылыми (эксперименттік) нәтижелерді немесе диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесін (research proposal (ресорч пропозал) қайта бекітуді ескере отырып, докторлық диссертация тақырыбын түзетуге және ғылыми кеңесшілерді ауыстыруға бірінші оқу жылының аяғына дейін рұқсат беріледі. Докторлық диссертация тақырыбының және ғылыми кеңесшілер біліктілігінің бекітілген талаптарға сәйкес еместігі үшін бекітілген кеңесшіні ауыстыруға және/немесе докторлық диссертация тақырыбына өзгеріс енгізуге арналған ұсынысты шығарушы кафедра дайындап, факультеттің Ғылыми кеңесіне ұсынады. Факультетте өзгеріс енгізілген тақырып және/немесе ғылыми кеңесшілерге қатысты ұсыныс Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімімен Атырау университетінің Ғылыми-техникалық кеңесіне ұсынылады. Кейін Ғылыми кеңесте талқыланып, университеттің Басқарма төрағасы-ректорымен бұрын бекітілген бұйрыққа өзгеріс енгізіледі. Тақырып түбегейлі өзгерген жағдайда бұрын жарық көрген жарияланымдар есепке алынбайды.
- 7.5 Диссертациялық зерттеудің мазмұны ұлттық басымдықтарды, мемлекеттік бағдарламаларды, іргелі немесе қолданбалы зерттеулерді іске асыруға бағытталуы тиіс. Диссертация жаңа факторлардың, құбылыстардың, заңдылықтардың сипаттамасын немесе басқа ғылыми позициялардан немесе жаңа аспектіден бұрын белгілі болған ережелерді жинақтауды қамтитын жаңа материалдан тұруы керек. Диссертацияда ғылыми зерттеудің бастапқы алғышарттары, оның барысы мен алынған нәтижелері көрсетіліп, диссертацияның мазмұнында тандап алынған тұжырымдаманың пайдасына сенімді дәлелдер келтірілуі тиіс. Оған қайшы келетін көзқарастар жан-жақты талдауға және сыни бағалауға ұшырауы тиіс. Пікірталас және пікірталас материалы диссертацияның элементтері болып табылады.
- 7.6 Философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға диссертацияның ұсынылатын көлемі жаратылыстану-ғылыми және техникалық бағыттағы білім беру бағдарламалары үшін 80 бетті (шамамен 34000 сөз және одан да көп) және

әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы білім беру бағдарламалары үшін кемінде 120 бетті (шамамен 51000 сөз және одан да көп) құрайды. Диссертацияның көлемі, әдетте, 300 беттен аспауы тиіс. Қосымшалар және пайдаланылған дереккөздердің тізімі нөмірленіп, диссертацияның көрсетілген көлеміне кіреді.

- 7.7 Кеңейтілген отырыс өткізуден 1 (бір) ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласы бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) бар 2 (екі) рецензентке жолданады. Рецензияда келесідей тармақтар қамтылуы тиіс: зерттеу тақырыбының өзектілігі (оның ішінде диссертация тақырыбының ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі), ғылыми нәтижелер, олардың негізділігі мен жаңалығы, ғылыми нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы, олардың шынайылық дәрежесі, докторанттың ғылыми нәтижелер алуға жеке қатысуы, қорғауға шығарылатын ережелердің дәлелділігі, диссертация материалдарының баспасөзде толық жариялануы, ескертулер мен ұсыныстар. Рецензиялар докторантқа кафедраның кеңейтілген отырысына дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей берілуі керек.
- 7.8 Диссертацияның орындалуы бойынша кафедра мәжілісінде диссертацияны талқылау келесілерді қамтиды: кафедра мәжілісі төрағасының сөзі (диссертациялық зерттеу мен ғылыми кеңесілердің тақырыбын бекіту күнін, докторантура бағдарламасы шеңберіндегі ғылыми тағылымдамалардың мерзімі мен орнын, диссертация материалдарының толық жариялануын жария етеді); докторанттың сөз сөйлеуі; кафедра отырысына қатысушылардың сұрақтары - докторанттың жауаптары; шетелдік кеңесші қатыспаған жағдайда сөзін оқу (онлайн қатысып, сөзін оқу мүмкіндігі беріледі); рецензенттердің сөз сөйлеуі; докторанттың рецензенттердің ескертулеріне және олардың пікірлері бойынша қорытындыларына жауаптары; кафедра отырысына қатысушылардың пікірталасы; қорытынды ашық немесе жасырын дауыс берумен, қарапайым көпшілік дауыспен жүзеге асырылады. Докторант қорғауға ұсынылған диссертация бойынша ескертулерді диссертация диссертациялық кеңеске берілгенге дейін ескертулермен келіскен жағдайда жойылады.
- 7.9 Диссертация бойынша ұсыным беру туралы қорытынды кафедраның кеңейтілген отырысының хаттамасынан үзінді түрінде ресімделеді, отырыс төрағасы қол қояды, жетекшілік ететін проректор бекітеді. Қорытындыда зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыми нәтижелері, олардың негізділігі мен жаңалығы, ғылыми нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы, олардың шынайылық дәрежесі, докторанттың ғылыми нәтижелер алуға жеке қатысуы, қорғауға шығарылатын ережелердің дәлелділігі қарастырылады. Дәреже беру ережесінің талаптарына сәйкес ғылыми басылымдарда диссертация материалдарының жариялануының толықтығын қамтамасыз етіп, ескертулер мен ұсыныстар, ұсынымдар туралы қорытындылар немесе қорғауға ұсынымдар болуы тиіс. Диссертация бойынша қорғауға жібермеу туралы қорытынды кафедраның кеңейтілген отырысының хаттамасынан үзінді түрінде ресімделеді, отырыс төрағасы қол қояды, жетекшілік ететін проректор бекітеді. Қорытындыда зерттеу тақырыбы бойынша жұмыстың уақытында орындалмауы, дәреже беру ережесінің талаптарына сәйкес ғылыми басылымдарда диссертация материалдарының жариялануының толықтығы қамтамасыз етілмеуі, диссертацияда плагиат анықталу жағдайлары қарастырылады.
- 7.10 Докторантураның білім беру бағдарламаларын меңгерген және 5-8 ҚР білім және ғылым министрлігінің 2011.03.31 №127 бұйрығымен бекітілген «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы», ҚР БҒМ 2013.05.41 №172, 2016.01.21 №56 бұйрықтарына сәйкес Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алуға ұсынылған диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері

диссертация қорғауға дейін Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген ғылыми басылымдарда және (немесе) рецензияланатын халықаралық ғылыми журналда жариялап, енгізілген өзгерістерді ескере отырып диссертациялық жұмыстары орындалған және тіркеуге ұсынылған жағдайда докторанттар көпшілік алдында қорғауға жіберіледі.

Рецензияланатын халықаралық ғылыми журналдардағы мақалалар даярлану бағытына байланысты ескеріледі, атап айтқанда:

1) JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар және (немесе) Web of Science Core Collection (Веб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс бөлімдері), Science Citation Index Expanded (Сайенс Цитэйшэн Индекс Экспандид), Social Sciences Citation Index (Сошиал Сайенсиз Цитэйшэн Индекс) деректер базасында индекстелетін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 (жиырма бес) болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 (бір) мақала (article) немесе шолу (review) және Басылымдар тізбесіндегі журналдарда мақала (мақалалар) (саны басылымның санатына қарай);

2) не Web of Science Core Collection (Веб оф Сайнс Кор Коллекшн) (Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс бөлімдері) деректер базасында индекстелетін және (немесе) JCR (ЖСР) деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда кемінде 2 (екі) мақала (article) немесе 1 (бір) мақала (article) және 1 (бір) шолу (review);

3) не Elsevier (Эльзевир), Brill (Брилл), CRC Press (СРС Пресс), DeGruyter (ДеГрюйтер), Edward Elgar Publishing (Эдвар Элгар Пабблишинг), John Wiley & Sons (Джон Уайли & Сонс), McGraw Hill (Макроу Хилл), Palgrave Macmillan (Палгрейв Макмиллан), Peter Lang (Питер Лэнг), Prentice Hall (Прентис Холл), Routledge (Рутледж), Sage Publications (Сэйдж Публикейшен), Springer Nature (Шпрингер Нэйчар), Taylor and Francis (Тейлор және Фрэнсис), Wolters Kluwer (Вольтерс Клувер) баспаларында немесе US News Best Global Universities Rankings (ЮС Ньюс Бест Глобал Юниверситис Ранкинс) немесе Academic Ranking of World Universities (Академик Ранкин оф Ворлд Юниверситис) немесе Times Higher Education World University (Таймс Хайр Эдюкейшн Ворлд Юниверсити) топ-100 рейтингіндегі университет баспасында (бұдан әрі – сенімді баспа) шығарылған монографияда тараудың болуы (докторантқа кемінде 1 баспа табак тиесілі);

4) не JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар алғашқы екі квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 (бір) мақала (article) және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторға ие және Web of Science Core Collection (Веб оф Сайнс Кор Коллекшн) деректер базасында индекстелетін халықаралық ғылыми конференция материалдарында 1 (бір) мақала (Conference paper (Конфэрэнс пэйпэр);

Бұл ретте, 8D01 Педагогикалық ғылымдар және 8D02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар дайындық салаларының «8D017 – Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау», «D016 – Тарих педагогтерін даярлау» және «8D060 – Филология», «D050 – Философия және этика» және «D053 – Тарих» білім беру бағдарламалары топтарының білім беру бағдарламалары (мамандықтары) бойынша білім алған және қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ филологиясы, Қазақстан тарихы, қазақ

философиясы бойынша диссертация дайындаған докторанттарда мыналардың болуына жол беріледі:

1) Arts and Humanities Citation Index (Арт энд Хьюманитис Цитэйшэн Индекс) бөлімі бойынша Web of Science Core Collection (Веб оф Сайнс Кор Коллекшн) деректер базасында индекстелетін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 (жиырма бес) болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу және Басылымдар тізбесіндегі журналдарда мақала (мақалалар) (саны басылымның санатына қарай);

2) не Басылымдар тізбесінің 1-тізіміндегі және 2-тізіміндегі журналдарда біреуі ағылшын тілінде жазылған барлығы 5 (бес) мақала және халықаралық ғылыми конференциялардағы ауызша 2 (екі) баяндама.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы, конференция жинақтарындағы жарияланымдар диссертацияның мазмұнына және аталған базаларда мәлімделген журнал мен конференцияның тақырыптық бағытына сәйкес келеді, журналдың ресми сайтында жарияланады және Article (мақала), Review (шолу) немесе Article in Press (басылымдағы мақала), Conference Paper (Конфэрэнс пэйпэр), Proceedings (Просидингз) типіне ие. Пәнаралық бағыты бар халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда (Multidisciplinary (Малтидисциплинари), Interdisciplinary (Интердисциплинари), General (Дженерал), Miscellaneous (Мисцеллэниэс) жариялауға рұқсат етіледі.

JCR (ЖСР) деректеріне сәйкес импакт-фактор бойынша бірінші квартильге кіретін журналда бір ғылыми мақала болған кезде басқа жарияланымдар талап етілмейді. Web of Science (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базасындағы журналдың квартилі және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль жарияланған жыл не жарияланған жылдың алдындағы жыл үшін не диссертацияны қорғау сәтінде ескеріледі.

8 Философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертация құрылымы

8.1 Докторант ғылыми кеңесшінің келісімі бойынша философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертация құрылымын диссертацияны рәсімдеу жөніндегі нұсқаулықтың таңдалған стиліне сәйкес (Қазақстан Республикасы БҒМ ЖАК-тың 2004 жылғы 28 қыркүйектегі №377-Зж бұйрығы) немесе МЕМСТ 7.1-2003. Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелеріне сәйкес таңдай алады.

8.2 Философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертацияның құрылымдық элементтері:

- титулдық парак;
- мазмұны;
- нормативтік сілтемелер;
- анықтамалар;
- белгілеулер мен қысқартулар;
- кіріспе;
- негізгі бөлігі;
- қорытынды;
- қолданылған дереккөздер тізімі;
- қосымшалар.

8.3 Титулдық парак диссертацияның бірінші беті болып табылады және құжатты өңдеу және іздеу үшін қажетті ақпарат көзі болып табылады (2-қосымша). Титулдық паракта мынадай мәліметтер келтіріледі:

- диссертация орындалған ұйымның атауы;

- әмбебап ондық жіктеу индексі (ӘОЖ);
- шектеу белгісі (қажет болған жағдайда);
- докторанттың тегі, аты, әкесінің аты;
- жұмыстың атауы;
- білім бағдарламасының шифры мен атауы;
- ізденетін ғылыми дәрежесі;
- ғылыми кеңесшінің тегі мен аты-жөні;
- орны (елі)
- қала және жыл.

Титулдық парақ диссертация беттерінің жалпы нөміріне енгізіледі.

Титулдық парақта бет нөмірі қойылмайды.

Титул парағында ізденушінің көк сиямен қойылған жеке қолы болуы тиіс.

- 8.4 Диссертацияның бөлімдері бүкіл жұмыс шегінде араб цифрларымен нүктесіз және абзац жол шегінісінен белгіленеді. Тармақтар әр бөлімнің шеңберінде нөмерленеді. Тармақтың нөмірі бөлімнің нөмірлерінен және нүктемен бөлінген тармақша нөмірімен белгіленеді. Тармақша нөмірінің соңындағы нүкте қойылмайды. Бөлімдер мен тармақтар бір немесе бірнеше тармақшадан тұруы мүмкін. Диссертацияның мазмұны кіріспеден, реттік нөмерлерден және барлық бөлімдердің, тармақтардың атауларынан, қорытындыдан, қолданылған дереккөздер тізімінен және диссертацияның осы элементтері басталатын беттердің нөмірлері көрсетілген қосымшалардың атауынан тұрады (3-қосымша).
- 8.5 Нормативтік сілтемелер құрылымдық элементі диссертация мәтінінде сілтеме берілген стандарттар тізбесін қамтиды. Сілтеме стандарттарының тізбесі «Осы диссертацияда философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды» деген сөздерден басталады. Тізбеге стандарттардың белгіленуі және олардың атаулары белгілеулердің тіркеу нөмірлерінің осы тәртібімен енгізіледі.
- 8.6 «Анықтамалар» құрылымдық элементі диссертацияда пайдаланылатын терминдерді нақтылау немесе белгілеу үшін қажетті анықтамаларды қамтиды. Анықтамалар тізбесін «Осы диссертацияда тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады» деген сөздерден бастайды.
- 8.7 Белгілеулер мен қысқартулар құрылымдық элементі диссертацияда қолданылатын белгілеулер мен қысқартулардың тізбесін қамтиды. Белгілеулер мен қысқартуларды жазу келтіру тәртібімен жүргізіледі, оларды диссертация мәтінінде немесе алфавиттік тәртіппен толық жазылуы және түсіндірілуі тиіс. Анықтамаларға, белгілеулерге және қысқартуларға «Анықтамалар, белгілеулер және қысқартулар» деген бір құрылымдық элементте келтіруге болады. Анықтамалар, белгілеулер және қысқартулар диссертациялық жұмыс беттерінің санына кірмейді.
- 8.8 Кіріспеде шешілетін ғылыми немесе ғылыми-технологиялық проблеманың (міндеттердің) қазіргі жай-күйін бағалау, тақырыпты әзірлеу үшін негіздеме мен бастапқы деректер, осы ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу қажеттілігінің негіздемесі, әзірлеудің жоспарланған ғылыми-техникалық деңгейі туралы, патенттік зерттеулер туралы мәліметтер және олардан қорытындылар, диссертацияны әдістемелік қамтамасыз ету туралы мәліметтер қамтылуы тиіс. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы, осы жұмыстың басқа ғылыми-зерттеу жұмыстарымен байланысы көрсетілуге, сондай-ақ зерттеудің мақсаттары, объектісі мен мәні, міндеттері, тұтастай алғанда ғылыми-зерттеу жұмысын орындаудағы олардың орны келтірілуге, әдіснамалық база, қорғауға шығарылатын қағидаттар көрсетілуге тиіс. Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар – бұл тиісті саладағы жаңа білімді білдіретін дәлелденген ғылыми гипотезалар, тұжырымдамалар немесе қорытындылар (1-қосымшада қорғауға шығарылатын негізгі ережелерді тұжырымдау жөніндегі ұсынымдар бар).

- 8.9 Философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертацияның негізгі бөлігі кемінде үш тараудан тұруы тиіс және төмендегілерді қамтиды:
- зерттеу бағытын негіздеуді, міндеттерді шешу әдістерін, оларды салыстырмалы бағалауды, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің тандалған жалпы әдістемесін сипаттауды қамтитын зерттеу бағытын таңдау;
 - теориялық зерттеулердің сипаты мен мазмұнын айқындауды, зерттеу әдістерін, есептеу әдістерін, эксперименттік жұмыстарды жүргізу қажеттілігінің негіздемесін, әзірленген объектілердің әрекет ету қағидаттарын, олардың сипаттамаларын қоса алғанда, теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеулер процесі;
 - қойылған міндеттерді шешудің толықтығын бағалауды және жұмыстың одан арғы бағыттары бойынша ұсыныстарды, алынған нәтижелердің дұрыстығын бағалауды және оларды отандық және шетелдік жұмыстардың ұқсас нәтижелерімен салыстыруды қамтитын зерттеулер нәтижелерін қорыту және бағалау.
- 8.10 Философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертация қорытындысында болуы тиіс:
- диссертациялық зерттеулердің нәтижелері бойынша қысқаша қорытындылар;
 - қойылған міндеттер шешімдерінің толықтығын бағалау;
 - нәтижелерді нақты пайдалану бойынша ұсынымдар мен бастапқы деректерді әзірлеу;
 - енгізудің техникалық-экономикалық тиімділігін бағалау;
 - осы саладағы үздік жетістіктермен салыстырғанда орындалған жұмыстың ғылыми деңгейін бағалау.
- 8.11 Соңғы 10 жылда жарияланған (егер өзгеше зерттеу тақырыбының ерекшелігіне байланысты болмаса) дереккөздерді басымдықпен пайдалану ұсынылады. Бұл ғылыми шолудың өзектілігі мен қазіргі заманға сай болуын қамтамасыз етеді. Олардың іргелі сипаты болған немесе қаралып отырған проблема бойынша жаңа деректер болмаған жағдайда неғұрлым ерте дереккөздерді пайдалануға жол беріледі. Диссертация жазу кезінде қолданылған дереккөздер туралы мәліметтер қамтылуы тиіс. (4, 5 қосымшалар).
- 8.12 «Қосымша» құрылымдық элементіне қандай да бір себептермен негізгі бөлімге енгізілмейтін, орындалған диссертацияға байланысты материалдарды қосу ұсынылады.
- Қосымшаға мыналар қосылуы мүмкін:
- аралық математикалық дәлелдер, формулалар мен есептеулер;
 - қосалқы сандық деректер кестелері;
 - сынақ хаттамалары;
 - эксперименттер, өлшеулер мен сынақтар жүргізу кезінде қолданылатын аппаратура мен аспаптардың сипаттамасы;
 - диссертациялық жұмысты орындау процесінде әзірленген ЭЕМ шешетін міндеттердің нұсқаулықтары, әдістемелері, алгоритмдері мен бағдарламаларын сипаттау;
 - қосалқы сипаттағы иллюстрациялар (фотосуреттер);
 - диссертациялық жұмысты (немесе оның бір бөлігін) ғылыми-техникалық кеңесте қарау хаттамасы;
 - диссертациялық жұмыс нәтижелерін енгізу актілері және т.б.
- Барлық қосымшаларға сілтемелер берілуі қажет. Қосымшалар диссертация мәтінде сілтемелер ретімен орналастырылады. Әрбір қосымшаны беттің ортасында «Қосымша» деген сөзді, оның белгіленуі мен дәрежесін көрсете отырып, жаңа беттен бастау керек. Қосымшада бас әріппен жеке жолмен мәтінге қатысты симметриялы жазылатын тақырып болуы тиіс.

Қосымшалар А-дан бастап орыс алфавитінің бас әріптерімен белгіленеді, оған Ё, 3, Й, О, Ч, Ы, Ю әріптері қосылмайды. Қосымша деген сөзден кейін оның ретін білдіретін әріп жазылады. І, О әріптерін қоспағанда, қосымшаларды латын алфавиті әріптерімен белгілеуге жол беріледі.

- 8.13 Философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертацияда қабылданған шешімдер, барлық деректердің дәлдігі мен объективтілігі үшін докторант - диссертация авторы және ғылыми кеңесшілер жауапты болады.

9 Диссертацияны рәсімдеу жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор алуға диссертацияны рәсімдеу ережесі

- 9.1 Диссертация кез келген баспа тәсілімен компьютерде және принтерде А4 форматтағы ақ қағаз парағының бір жағына бір аралық арқылы жазылады. Шрифт - New Times Roman, кегль 14.
- 9.2 Диссертация мәтінін өрістердің келесідей өлшемдерін сақтай отырып басу керек: он жағы 10 мм, жоғарғы жағы 20 мм, сол жағы - 30 мм және төменгі жағы - 20 мм. Абзацтық шегініс жұмыстың бүкіл мәтіні бойынша бірдей және 1,25 см-ге тең болуы тиіс. Белгілі бір терминдерге, формулаларға, теоремаларға назар аударудың компьютерлік мүмкіндіктерін пайдалануға рұқсат етіледі.
- 9.3 Орындалу тәсіліне қарамастан басылған мәтіннің сапасы және иллюстрацияларды, кестелерді, басып шығаруларды безендіру оларды нақты көрсету талабын қанағаттандыруы тиіс.
- 9.4 Диссертацияны дайындау кезінде бүкіл көлемі бойынша бейненің біркелкі тығыздығы мен нақтылығын сақтау қажет. Барлық сызықтар, әріптер, цифрлар мен белгілеулер диссертацияның бүкіл мәтіні бойынша бірдей контраст болуы тиіс.
- 9.5 Диссертацияда тектер, мекемелердің, ұйымдардың, фирмалардың, атаулары, бұйымдардың атауы және басқа да жалқы есімдер түпнұсқа тілінде келтіріледі. Меншікті атауларды транслитерациялауға және ұйымдардың атауларын жазу тіліне аударуға жол беріледі.
- 9.6 «Кіріспе», «Қорытынды», «Қолданылған дереккөздер тізімі» құрылымдық элементтерінің атаулары жұмыстың құрылымдық элементтерінің тақырыптары болып табылады. Құрылымдық элементтердің тақырыптарын жолдың сол жағында абзацтық шегіністен, соңында нүктесіз, бас әріптермен, астын сызбай орналастыру керек. Диссертацияның әрбір құрылымдық элементі жаңа беттен басталады.
- 9.7 Диссертация бөлімдерге және тармақтарға бөлінеді. Әрбір бөлім мен тармақта аяқталған ақпарат болуы тиіс. Бөлімдердің атаулары жиынтығында философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертацияның тақырыбын ашуы тиіс, ал тармақтардың атаулары жиынтығында тиісті бөлімді ашуы тиіс.
- 9.8 Бөлімдер мен тармақтардың атаулары олардың мазмұнын анық және қысқаша көрсетуі тиіс. Бөлімдер мен тармақтардың атауларын абзацтан бас әріппен, соңында нүктесіз, жартылай қалың әріппен сызбай басып шығару керек. Егер атау екі сөйлемнен тұрса, оларды нүктемен бөледі.
- 9.9 Беттерді қосымшаларды қоса алғанда, диссертацияның бүкіл мәтіні бойынша толассыз нөмірлеуді сақтай отырып, араб цифрларымен нөмірлеу керек. Беттің нөмірі парақтың төменгі бөлігінің ортасына нүктесіз қойылады.
- 9.10 Титул парағы беттердің жалпы нөміріне енгізіледі. Титулдық парақта бет нөмірі қойылмайды.
- 9.11 Жеке парақтарда орналасқан иллюстрациялар мен кестелер беттердің жалпы нөмірленуіне қосылады. А3 форматындағы парақтағы иллюстрациялар, кестелер бір бет ретінде ескеріледі.

- 9.12 Бөлімдердің бүкіл құжат шегінде нүктесіз араб цифрларымен белгіленген және абзацтық шегіністен жазылған реттік нөмірлері болуы тиіс.

Үлгі

1 ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ӨЛШЕМДЕРІ

1.1

1.2

1.3

} Құжаттың бірінші бөлімінің тармақтарын нөмерлеу

2

ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

2.1

2.2

2.3

} Құжаттың екінші бөлімінің тармақтарын нөмерлеу

- 9.13 Әрбір бөлімді жаңа парақтан бастау керек. Бір бөлімнің ішіндегі тармақтар мәтіннен екі жолға ауытқумен өзара бөлінеді.
- 9.14 Иллюстрацияларды (сызбалар, карталар, графиктер, схемалар, диаграммалар, фотосуреттер) тікелей алғаш рет айтылған мәтіннен кейін немесе келесі бетте орналастыру керек. Иллюстрациялар компьютерлік орындауда, оның ішінде түрлі-түсті болуы мүмкін. Барлық иллюстрацияларға сілтемелер берілуі тиіс.
- 9.15 Сызбалар, графиктер, диаграммалар, иллюстрациялар бірыңғай конструкторлық құжаттама жүйесінің (ЕСКД) мемлекеттік стандарттарының талаптарына сәйкес болуы тиіс.
- 9.16 Қосымшалардың иллюстрацияларынан басқа иллюстрацияларды араб цифрларымен толассыз нөмірлеу керек.
Егер бір сурет болса, онда ол «Сурет 1» деп белгіленеді, «Сурет» сөзі және оның атауы жолдың ортасында орналасады.
- 9.17 Қажет болған жағдайда иллюстрациялардың, атауы және түсіндірме деректері болуы мүмкін (сурет астындағы мәтін). «Сурет» деген сөз және оның атауы түсіндірме деректерден кейін орналастырылады және былайша орналастырылады:

Сурет 1 - Банк жүйесінің құрылымы

Егер суреттің атауы бірнеше жолдан тұрса, онда ол бір жоларалық аралықтан кейін жазылады. Суреттің атауы бас әріппен соңында нүктесіз жазылады.

- 9.18 Иллюстрацияларға сілтеме жасау толассыз нөмірлеу кезінде «Сурет 2 сәйкес» жазылуы керек.
- 9.19 Кестелер жақсы көрнекілік және көрсеткіштерді салыстырудың қолайлылығы үшін қолданылады. Кестенің атауы оның мазмұнын көрсетуі, нақты, қысқа болуы тиіс. Кестенің атауын «Кесте 1 - Банк жүйесінің құрылымы» форматында абзацтық шегініспен сол жаққа қарай орналастыру керек. Кестенің атауы бас әріппен, соңында нүктесіз келтіріледі.

Кесте 1 - Банк жүйесінің құрылымы

- 9.20 Кестені тікелей ол алғаш рет айтылған мәтіннен кейін немесе келесі бетке орналастыру керек.
- 9.21 Барлық кестелерге диссертацияда сілтемелер болуы тиіс. Сілтеме жасағанда нөмірін көрсете отырып, «Кесте» деп жазу керек.
- 9.22 Жолдар саны көп кестені басқа параққа (бетке) көшіруге жол беріледі. Кестенің бір бөлігін басқа параққа (бетке) көшіру кезінде «Кесте» сөзі, оның нөмірі мен атауы кестенің бірінші бөлігінің сол жағында бір рет көрсетіледі, басқа бөліктерінің үстіне

- «Жалғасы» сөзі жазылады және кестенің нөмірі көрсетіледі, мысалы: «Кесте 1 жалғасы». Кестенің бөлігін жылжытқанда кестені шектейтін төменгі көлденен сызық жүргізілмейді. Бағандары көп кестені қосымшаға енгізу орынды.
- 9.23 Егер кестенің әртүрлі жолдарында (бағандарында) қайталанатын мәтін бір сөзден тұрса, онда оны бірінші жазудан кейін тырнақшалармен ауыстыруға жол беріледі; егер екі және одан да көп сөзден тұратын болса, онда оны бірінші қайталау кезінде «сол сияқты» деген сөздермен, ал одан әрі тырнақшалармен ауыстырады. Егер алдыңғы сөз тіркесі келесі сөз тіркесі болып табылса, онда оны «сол сияқты» деген сөздермен ауыстыруға және қосымша мәліметтер қосуға жол беріледі. Қайталанатын сандардың, маркалардың, белгілердің, математикалық және химиялық символдардың орнына тырнақшалар қоюға жол берілмейді. Егер сандық немесе басқа деректер кестенің қандай да бір жолында келтірілмесе, онда оған сызық қойылады.
- 9.24 Қосымшалар кестелерін қоспағанда, кестелерді араб цифрларымен аралық нөмірлеумен нөмірлеу керек.
- 9.25 Кестелерді бөлім шегінде нөмірлеуге жол беріледі. Бұл жағдайда кестенің нөмірі нүктемен бөлінген бөлім нөмірінен және кестенің реттік нөмірінен тұрады.
- 9.26 Кестенің бағандары мен жолдарының тақырыптарын бас әріппен жеке санда, ал бағандардың тармақтары кіші әріппен, егер олар тақырыппен бір сөйлемді құраса, немесе егер олар дербес мәнге ие болса, бас әріппен жазу керек. Кестенің тақырыптары мен тармақтарының соңына нүкте қойылмайды.
- 9.27 Кестелер әдетте сол, оң және төменнен сызықтармен шектеледі. Кестедегі шрифт өлшемін мәтіннен кіші қолдануға болады. Бағандардың тақырыптары, әдетте, кестенің жолдарына параллель жазылады. Қажет болған жағдайда бағандардың тақырыптарын перпендикулярлы орналастыруға жол беріледі. Кестелер кестенің қалған бөлігінен сызықпен бөлінуі тиіс.
- 9.28 Мәтіннің, кестенің немесе графикалық материалдың мазмұнына түсіндірме немесе анықтамалық деректер ескерту арқылы келтіріледі. Ескертулерді тікелей мәтіндік, графикалық материалдан кейін немесе осы ескертулер жататын кестеле орналастыру керек. Егер ескерту бір болса, онда «Ескерту» деген сөзден кейін сызықша қойылады және ескерту бас әріппен басылады. Бір ескерту нөмірленбейді. Бірнеше ескертулер нүкте қойылмай араб цифрларымен ретімен нөмірленеді. Кестеге ескерту кестенің соңын білдіретін сызықтың үстінде орналастырылады.

Кесте 1 - Банк жүйесінің құрылымы

Ескерту – кесте [] дереккөзі негізінде құрастырылған			

Кесте 1 - Банк жүйесінің құрылымы

Ескерту 1 – кесте [] дереккөзі негізінде құрастырылған			
Ескерту 2 – кесте [] дереккөзі негізінде құрастырылған			

Сурет 1 - Банк жүйесінің құрылымы

Ескерту – кесте [] дереккөзі негізінде құрастырылған

Сурет 1 - Банк жүйесінің құрылымы

Ескерту 1 – кесте [] дереккөзі негізінде құрастырылған

Ескерту 2 – кесте [] дереккөзі негізінде құрастырылған

- 9.29 Формулалар мен теңдеулерді мәтіннен жеке жолға бөлу керек. Әрбір формуладан немесе теңдеуден жоғары және төмен кемінде бір бос жол қалдырылады. Егер теңдеу бір жолға сыймаса, онда ол теңдік белгісінен кейін (=) немесе қосу (+), алу (-), көбейту (x), бөлу (:) немесе басқа математикалық белгілерден кейін көшірілуі тиіс, бұл ретте келесі жолдың басында белгі қайталанады. Символдар мен сандық коэффициенттер мәндерін түсіндіруді формуланың тікелей астында олар формулада берілген кезектілікпен келтірген жөн. Әрбір символдың және сандық коэффициенттің мәнін жана жолдан келтіру қажет. Түсіндірменің бірінші жолы абзацтан қос нүктесіз «қайда» сөзінен басталады. Формулаларды жолдың ортасына орналастыру және бір жолда шеткі оң жақ қалпында дөңгелек жақшада бүкіл жұмыс шегінде араб сандарымен реттік нөмірлеумен белгілеу керек.

Үлгі:

$$A=a:b$$

$$B=c:e$$

(1)

(2)

- 9.30 Мәтіндегі формуланың реттік нөмірлеріне сілтемелер жақшада беріледі. Мысалы: (1) формуласында.
- 9.31 Формулаларды толассыз нөмірлеуге жол беріледі.
- 9.32 Қолданылған дереккөздерге сілтемелер тік жақшаларда ([]) келтіріледі.
- 9.33 Дереккөздер туралы мәліметтерді мәтіндегі дереккөздерге сілтемелердің пайда болу тәртібімен орналастыру, араб цифрларымен нүктесіз нөмірлеу және абзацтық шегіністен басып шығару керек.
- 9.34 Қосымшалар осы диссертацияның жалғасы ретінде оның келесі парақтарында ресімделеді.
- 9.35 Мәтінде барлық қосымшаларға сілтемелер берілуі тиіс. Қосымшалар мәтінде оларға сілтеме ретімен орналастырылады.
- 9.36 Әрбір қосымшаны беттердің жоғарғы оң жақ шетінде «ҚОСЫМША» деген сөзді және оның белгісін көрсете отырып, жана беттен бастау керек. Қосымшада бас әріппен, жартылай қалың шрифтпен, жол ортасында соңындағы нүктесіз жеке жолмен жазылатын тақырып болуы тиіс. Егер диссертацияның бір қосымшасы болса, онда оны белгілеуге жол беріледі.
- 9.37 Қосымшалардың қалған бөлігімен ортақ парақтардың толассыз нөмірленуі тиіс.
- 10 **Философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертацияның орындалу дербестігін қамтамасыз ету тәртібі**
- 10.1 Диссертацияны докторант ғылыми кеңесшілердің басшылығымен дербес орындайды.
- 10.2 Диссертацияда төмендегілер сілтемелермен белгіленеді:
- 1) толық шығыс деректерін көрсете отырып, дәйектелген материалдардың немесе жекелеген нәтижелердің дереккөздері;
 - 2) докторант дербес немесе тең авторлықта алған әзірлемелерге қорғау құжаттары;
 - 3) докторанттың диссертация тақырыбы бойынша дербес немесе тең авторлықпен орындаған ғылыми жұмыстары;
 - 4) пайдаланылған жасанды интеллект технологиялары.
- Диссертацияда плагиат анықталған жағдайда диссертациялық кеңес қайта қорғау құқығынсыз теріс шешім қабылдайды.

- 10.5 Диссертация кафедраның кеңейтілген мәжілісінің алдында плагиат материалдың болуын тексеру үшін беріледі. Диссертацияны плагиатқа тексеру тәртібі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы-ректорымен 2023 жылдың 27-желтоқсанында бекітілген Плагиатқа қарсы жүйе туралы Ережесімен реттеледі.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар қалыптастыру жөніндегі ұсынымдар

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар - бұл тиісті саладағы жаңа білімді білдіретін дәлелденген ғылыми гипотезалар, тұжырымдамалар немесе қорытындылар болып табылады.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар:

- 1) толыққанды сөйлем (пайымдау) түрінде құрылуы керек;
- 2) тексеруге келетін болуы қажет;
- 3) тәжірибелік түрде жокқа шығарылу мүмкіндігі болуы тиіс;
- 4) маманға диссертациядан бөлек, өз алдына түсінікті болуы керек;
- 5) қажет болған жағдайда, оны тексеруге жеткілікті негізгі ақпаратты қамтуы тиіс, оның ішінде ұсынылған ереже қай зерттеу нысанына қатысты және қандай жағдайда дұрыс екенін көрсету қажет (яғни, пайымдаудың шынайы болу шарттарын анықтау).

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдарды келтірген кезде келесілерді болдырмау тиіс:

- зерттеудің максатын, тақырыбын немесе міндеттерін жай қайталау («Жұмыста зерделенеді»);
- нақтылаусыз жалпы сөз тіркестері («Көмірден синтез-газ алудың технологиялық схемасы»);
- қорытындысыз нәтижелерді атап өту;
- маңызы түсіндірілмеген шамадан тыс техникалық егжей-тегжейлер келтіру.

Ғылыми бағыттар бойынша қорғауға шығарылатын ережелердің мысалдар кестесі:

Ғылыми бағыт	Үлгі
Жаратылыстану және техникалық ғылымдар	
Химия	2021 жылы Алматы қаласы ауасындағы бензо(а)пиреннің орташа жылдық концентрациясы 15 нг/м^3 құрайды.
Математика	Үшінші текті шекаралық шарттармен Навье–Стокс теңдеулерін шешуге арналған, соңғы элементтер әдісі мен Галеркин әдісін біріктіре қолдануға негізделген сандық әдіс, есептеу дәлдігін дәстүрлі екінші ретті сұлбалармен салыстырғанда 17%-ға арттырады
Физика	Ұзақтығы 10 пс-тан аз лазерлік сәулеленумен мырыш оксидінің жұқа қабыршықтарын өңдеу кезінде кристаллит өлшемі 30–50 нм болатын нанокұрылымдар түзіледі, бұл көрінетін диапазонда фотолуминесценцияны 40%-ға арттырады
Биология	<i>Rhodiola rosea</i> сығындысын егеуқұрық бауыры жасушаларының коректік ортасына қосу каталаза ферментінің антиоксиданттық белсенділігін 25%-ға арттырады, бұл қосылыстың жасушалық деңгейде адаптогендік қасиеттерін растайды.
География	Қазақстанның аридті ландшафттарының шекарасы солтүстік-шығысқа қарай орта есеппен 110 км-ге жылжыды, бұл орташа жылдық температураның $1,3^\circ\text{C}$ -қа жоғарылауымен және оңтүстік аймақтарда жауын-шашынның азаюымен байланысты.
Инжиниринг	Жүктеме өзгерген кезде өтпелі процестің уақытын 30%-ға қысқартатын және артық реттеуді азайтатын тұтылмаған

	логика негізіндегі тұрақты ток электр жетегін бейімделген басқару алгоритмі әзірленді.
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар	
Экономика ғылымдары	Аймақтардағы салықтық децентрализацияның артуы кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін 15%-ға арттыруға ықпал етеді.
Заң ғылымдары	Цифрлық активтерді азаматтық құқық объектілері ретінде тану смарт-келісімшарттарды қолданатын мәмілелердің құқықтық қорғалу деңгейін арттырады.
Филология	Қазақ мақал-мәтелдерін орыс тіліне аудару барысында 70% жағдайда сөзбе-сөз аударма мәдени-мағыналық жүктемені бұрмайды.
Педагогика	Жеке білім беру траекторияларына негізделген аралас оқыту (blended learning) моделін енгізу педагогикалық мамандықтар студенттерінің академиялық үзін 28%-ға арттырады.
Социология	Қазақстанда заң жобаларын қоғамдық талқылау процесіне үкіметтік емес ұйымдардың қатысуы азаматтардың қабылданатын шешімдердің заңдылығын (легитимдігін) қабылдау деңгейін 20%-ға арттырады.
Тарих	Мұрағат деректерін талдау 1965 жылғы КСРО экономикалық реформалары өнеркәсіпті аймақтық деңгейде басқарудың децентрализациясына ықпал еткенін көрсетеді.
Медицина	Темекіге тәуелді науқастарға құрылымдық араласу жүргізу бір жылдан кейін темекіні тастау ықтималдығын 50%-ға арттырады.

Диссертацияның титул парағы

(диссертация орындалған ұйымның атауы)

ӘОЖ

Қолжазба құқығында

ТЕГІ, АТЫ, ӘКЕСІНІҢ АТЫ

Диссертация атауы

Шифр және білім бағдарламасының атауы

(Ғылыми білім бағдарламаларының номенклатурасына сәйкес беріледі)
Философия докторы (PhD) / бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін алу үшін
дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші

Аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы

Шетелдік ғылыми кеңесші

Аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы

Қазақстан Республикасы
Қала, жыл

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
1.....	25
1.1.....	28
1.2.....	37
1.3.....	
2.....	59
2.1.....	65
2.2.....	72
2.3.....	
3.....	101
3.1.....	126
3.2.....	
ҚОРЫТЫНДЫ.....	160
ҚОЛДАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	172
ҚОСЫМША 1.....	175
ҚОСЫМША 2.....	177

Қолданылған дереккөздер тізімі

Журналдар

1 Абуова Г.Н., Лизинфельд И.А. Әлемдегі және Оңтүстік Қазақстандағы облысындағы ЖИТС-індетінің ауқымдары // Оңтүстік Қазақстандағы Білім және ғылым. – 2009. – № 1 (74). – С.135-139.

Кітаптар

1 Агафонова Н.Н. Азаматтық құқық: ЖОО арналған оқу құралы / А.Г. Калпина редакциясында. – Басылым. 2-і. – М.: Юрист, 2003. – 542 б.

2 Надилов Н.К. Высоковязкие нефти и природные битумы: в 5 т. – Алматы: Ғылым, 2001. – Т. 4. – 369с.

Жинақтар

1 Паржанов Ж.А., Моминов Х., Жигитеков Т.А. Товарные свойства каракуля при разном способе консервирования // Научно-технический прогресс в пустынном животноводстве и аридном кормопроизводстве: матер. междунар. науч.-практ. конф., посв. 1500-летию г. Туркестан. – Шымкент, 2000. – С.115-120.

Құқықтық материалдар

1 Постановление Правительства Республики Казахстан. Об утверждении Плана первоочередных действий по обеспечению стабильности социально-экономического развития Республики Казахстан: утв. 6 ноября 2007 года, № 1039 // ИС ПАРАГРАФ. – 2009, октябрь – 20.

Патенттік құжаттар

1 Приемопередающие устройства / Чугаева В.И.; заявитель и патентообладатель Воронеж. науч.-исслед. ин-т связи. – № 200131736/09; заявл. 18.12.00; опубл. 22.08.02, Бюл. № 23 (II ч.). – 3 с.

Газеттер

1 Байтова А. Инновационно-технологическое развитие – ключевой фактор повышения конкурентоспособности // Казахстанская правда. – 2009. – №269.

2 Кузьмин Николай. Универсальный солдат. «Эксперт Online» <http://www.nomad.su/3.10.2009>.

Стандарт (МЕМСТ)

1 ГОСТ 10749.1-80. Спирт этиловый технический. Методы анализа. – Взамен ГОСТ 10749-72; введ. 01.01.82 до 01.01.87. – М.: Изд-во стандартов, 1981. – 4с.

Электрондық ресурстар

1 Российская государственная библиотека [Электронный ресурс] / Центр информ. технологий РГБ; ред. Власенко Т. В.; Web-мастер Козлова Н. В. – Электрон. Дан. – М.: Рос. гос. б-ка, 1977-. – Режим доступа: <http://www.rsl.ru>, свободный. – Загл. экрана.

Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есептер

1 Формирование и анализ фондов непубликуемых документов, отражающих состояние науки Республики Казахстан: отчет о НИР (заключительный) / НЦ НТИ: рук. Сулейменов Е. З.; исполн.: Кульевская Ю. Г. – Алматы, 2008. – 166 с. – № ГР 0107РК00472. – Инв. №0208РК01670.

Диссертациялар

1 Хамидбаев К.Я. Каракульские смушки Казахстана и некоторые факторы, обуславливающие их изменчивость: автореф. к. с.-х. н.: 06.02.01. – Алма-Ата: Атамұра, 1968. – 21 с.

Қолжазбаның сақталуы

1 Разумовский В.А. Управление маркетинговыми исследованиями в регионе / Институт экономики. – Алматы, 2000. – 116 с. – Деп. в КазгосИНТИ 13.06.2000. – № Ка00144.

Ағылшын тіліндегі дереккөздер тізімін және сілтемелерді рәсімдеу

Барлық дереккөздерге сілтемелер мәтінде болуы тиісті.

Текстегі және әдебиеттер тізіміндегі сілтемелерді APA, Chicago, MLA және т.б. дәйексөздер стандарттарының біріне сәйкес безендірілуі қажетті.

Нұсқамалар мен ескертпелердің безендірілуі

- Әр беттік сілтемелерді қолданудан аулақ болыңыз. Ескертпелердің орналасуы дереккөздерінен кейін орналасқан жеке «Ескертпе» (Note) бөлімде болуы тиіс. Мәтіндегі ескертпелерге сілтемелер дөңгелеу жақшамен безендіріледі: (ескертпе 1).

Дереккөздер тізімін безендірудің үлгісі (егер мақала келесі аударма үшін орыс тілінде берілсе, сілтемелерді MEMCT-қа сәйкес немесе snoska.info ресурсының көмегі арқылы көрсетуге болады.

Сілтемелерді APA стилінде безендіру үлгісі:

(Тегі, жылы).

Әдебиеттер тізіміндегі сілтемелерді безендіру үлгісі:

Журналдан алынған мақала (басылған)

Ouyang, D., J. Bartholic and J. Selegan, 2005. Assessing Sediment Loading from Agricultural Croplands in the Great Lakes Basin. *Journal of American Science*, 1(2): 14-21.

Журналдан алынған мақала (электрондық)

Shakhov, D.A. and A.A. Panasenko, 2012. Evaluating Effectiveness of Bank Advertising in the Internet: Theory and Practice. *World Applied Sciences Journal*, 18(Special Issue of Economics). Date Views 10.06.2013 [www.idosi.org/wasj/wasj18\(Economics\)12/13.pdf](http://www.idosi.org/wasj/wasj18(Economics)12/13.pdf).

Кітаптар

Durbin, R., S.R. Eddy, A. Krogh and G. Mitchison, 1999. *Biological Sequence Analysis: Probabilistic Models of Proteins and Nucleic Acids*. Cambridge University Press, pp: 356.

Авторы жоқ кітаптар

Business: The Ultimate Resource, 2012. Eksmo.

Кітаптардың тараулары

Leach, J., 1993. Impacts of the zebra mussel (*Dreissena polymorpha*) on water quality and fish spawning reefs of Western Lake Erie. In *Zebra mussels: biology, impacts and control*, Eds., Nalepa, T. and D. Schloesser. Ann Arbor, MI: Lewis Publishers, pp: 381-397.

Есеп

Makarewicz, J.C., T. Lewis and P. Bertram, 1995. Epilimnetic phytoplankton and zooplankton biomass and species composition in Lake Michigan, 1983-1992. U.S. EPA Great Lakes National Program, Chicago, IL. EPA 905-R-95-009.

Конференцияның материалдары

Stock, A., 2004. Signal Transduction in Bacteria. In the Proceedings of the 2004 Markey Scholars Conference, pp: 80-89.

Диссертация

Strunk, J.L., 1991. The extraction of mercury from sediment and the geochemical partitioning of mercury in sediments from Lake Superior, M. S. thesis, Michigan State Univ., East Lansing, MI.

Интернет-ресурсы

The results of the research, conducted by the French Institute of public opinion. Date Views 01.01.2013 www.dietadyukana.ru/rezultaty-issledovaniya/.

Ресми дереккөздер

The Law of the Russian Federation "On education" of 10.07.1992 #3266 -1.

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ҚОСЫМШАЛАРДЫ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]